

БЕКІТЕМІН



Тақырыбы: «Ғарыш әлемі!»

«Ертегі» ересек тобы

Тәрбиеші: Абатова С.А

2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Ғарыш әлемі»

Мақсаты: Балалардың негізгі қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру, ғарыш туралы түсініктерін кеңейту, ойын арқылы дене белсенділігін арттыру және 5 дағдыны дамыту.

Қалыптасатын 5 дағды

1. Физикалық дағды

Жүру, жүгіру, секіру, еңбектеу, тепе-теңдікті сақтау.

2. Коммуникативтік дағды

Тапсырманы тыңдау.

Бір-бірімен келісу.

Командада жұмыс жасау.

3. Танымдық және зияткерлік дағды

Ғарыш денелерін ажырату.

Бағытты анықтау.

Логикалық тапсырмалар орындау.

4. Шығармашылық дағды

Қимыл арқылы ғарышкерлерді, зымыранды, жұлдыздарды бейнелеу.

5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағды

Бір-біріне қолдау көрсету.

Қуана білу.

Достық қарым-қатынас орнату.

1. Ғарышкер деген кім? Балалар: Ғарышкер – ғарышты зерттейтін адам.

2. Ғарышты бірінші бағындырған кім? (Ю. А. Гагарин)

3. Олар ғарышқа ұшу үшін не пайдаланады? (зымыран)

4. Адам ұшқанға дейін ғарышта кім болды? Олардың есімдері қандай болды (иттер Белка және Стрелка)

5. Біздің планетамыз қалай аталады? (Жер)

6. Ғарыштағы ең үлкен жұлдыз қандай? (Күн)

7. Жұлдыздарды бақылауға арналған құрылғы? (Телескоп)

Тапсырмалар алаңы:

1-ші тапсырма

Миға шабуыл жасау арқылы сұрақ-жауап !!!

Планеталар:

Әр бала өз планетасының жарты бөлігін тауып, сәйкестендіріп, әр планетаның ерекшеліктерін, құбылыстарын атайды.

1. Меркури

2. Шолпан

3. Жер

4. Марс

5. Юпитер

6. Сатурн

7. Уран

8. Нептун

2-ші тапсырма

Жарыстыру әдісі:

Балалар біз сендерді екі топқа бөлініп, жарыстыру әдісі арқылы бұл тапсырмаларды тезірек орындап тастайық.

Дид ойын: «Ғарышқа саяхат»

Шарты: Әр топ өздерінің түстеріне байланысты нүктелерді сызықтарға қосу арқылы зымырандарын ғарышқа ұшырады.

Балаларды жылдамдыққа, ептілікке, баулу.

Ал енді балалар мен сендерді кішкентай ғалым еткім келеді. Зерттеуші болған ұнай ма сендерге?

Эксперимент алаңы. (әлеуметтік дағды)**Эксперимент: «Зымыранды ұшыру»**

Мақсаты: Балаларда Ай Жердің табиғи серігі ретіндегі алғашқы түсініктерді қалыптастыру; Зымыран ұшыру арқылы аспан әлемін зерттеу.

Құрал-жабдықтар: Картоннан әр-түрлі зымыранның суреттері, Сүт, түрлі-түсті бояғыштар, мақта таяқшасы, сұйық сабын, және тамызғыш құрал.

Эксперимент барысы:

Сүтті ыдысымызға құямыз оның үстіне арнайы пипеткамызбен түрлі-түсті бояғыштарды тамызамыз, зымыранымызға сұйық сабынды таяқшамыздың көмегімен жағып табақтағы сүтімізге саламыз. Зымырын сүттің бетінде қозғалады

Қортынды:

Сүт пен сұйық сабын беттескен уақытта реакция жүріп зымыран сүттің бетінде әрі-бері қозғалатын болады.